

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ  
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ  
«ҚҰҚЫҚТАНУ» КАФЕДРАСЫ**

**ЖАНҒАЗИЕВА А.Н.**

**«Қазақстан Республикасының салық құқығы» пәні бойынша семинар  
сабақтарына арналған оқу-әдістемелік нұсқау**

**050301 – «Құқықтану» мамандығы студенттеріне арналған**

УДК 341 (072)

Жанғазиева А.Н.

«Қазақстан Республикасының салық құқығы» пәні бойынша семинар сабағына арналған оқу-әдістемелік нұсқау – Ақтау, 2010, - 27 бет.

Сын-пікір беруші: з.ғ.к.

Бұғыбай Д.Б.

Оқу-әдістемелік нұсқауда пәннің практика сабағына арналған тақырыптар мен жоспары, өзін-өзі тексеру сұрақтары, студенттің білімін тексеру үшін тест сұрақтары және нормативтік-құқықтық актілер мен пайдаланылатын әдебиеттер тізімі қамтылған.

Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінің Оқу Әдістемелік Кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылды.

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010ж.

## АЛҒЫ СӨЗ

Салықтық құқық ғылым ретінде және құқықтық құрылым ретінде көрініс табады.

Салықтық құқық мемлекеттік салықтық құрылымын айқындайтын, салық жүйесін белгілейтін, сондай-ақ салық салу аясында туындайтын қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын білдіреді. Салықтық – құқықтық нормалар мемлекетте қандай салықтардың алынатынын, оларды кімдер төлейтінін, оларды қандай органдардың алатынын және салықтар мен бюджетке төленетіні басқа да міндетті төлемдердің уақытылы және толығымен төленуіне қандай органдар бақылау жүргізетінін нақтылы көрсетеді. Салықтық құқықты салықтық құқықтық нормаларды іске асыру нәтижесінде құрылатын салықтық құқықтық тәртіп ретінде де түсінуге болады.

Салықтық құқық проблемаларын ғылыми зерттеудің теориялық және практикалық маңызы өте зор. Салықтық құқық ғылымы салықтық құқықтық нормаларды талдайды, оларды топтастырады және жүйелендіреді. Ол негізгі салықтық құқықтық категорияларды және салықтық құқықтық нормаларды зерделейді, ұсыныс тұжырымдарды әзірлеу және ұсыныс жолымен салық заңнамасын әзірлеуге және жетілдіруге септігін тигізеді. Осы мән-жай мемлекеттік салық салу аясындағы қызметінің экономикалық тиімділігін жоғарылатуға және салықтық қызмет барысында заңдықты күшейтуге мүмкіндік береді.

Осы орайда бастапқы кездерде салықтық құқық ғылымын меңгеру қажет. Салықтық құқықты ғылыми зерделеу нәтижесінің негізінде салықтық құқық саласындағы білімді игеру негізі жатады. Мәселен, қолданыстағы қандай болмасын салыққа қатысты салық салу ережелерін сауатты пайдалану үшін осы салықтың теориялық маңызы-мәнін жете түсіне білу қажет.

Салықтық құқық – мемлекеттегі белгілі бір тәртіпті белгілейтін заң нормалары жүйесі. Салықтық құқық ғылымы - салықтық құқық саласындағы білім жүйесі, мамандар қарастырып, дайындайтын және университеттер мен заң институттарында дәріс беруге арналған пән.

Қоғамның жаңадан туындайтын қажеттіліктері мен мүдделері, салық заңнамасына жиі енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар салық салу саласында және салықтық қатынастарда қолданылатын заңнаманы ұдайы ұғыну-түсіну, сондай-ақ оның тиімділігін зерделеу қажеттілігін мәлімдейді. Сондықтан қазіргі жағдайда салықтық құқық ғылымның заңдылықтары мен даму тенденцияларын, сондай-ақ іс-әрекет механизмі мен көрінісін анықтау үшін оны одан әрі зерделеу қажет.

## Семинар сабақтарының тақырыптық жоспары

### 1-тақырып. Мемлекеттің салық қызметі.

**Семинар сабағының мақсаты:** Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында мемлекеттің салық қызметіне жалпы түсінік берілді. Студенттер семинар сабағында мемлекеттің салық қызметінің, салық салудың қағидаларын, мемлекеттің салық саясатын жүзеге асыруы туралы мәселелерді қарастырғандары жөн.

#### Семинар сабағының сұрақтары:

1. Салық салу қағидалары.
2. Салық салу қағидаларын бұзу белгілері.
3. Мемлекеттің салық саясаты, мәні.

#### Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Мемлекеттің салық қызметі, салықтарды белгілеу қалай жүзеге асырылады?
2. Салықты белгілеудің тәртібіне сипаттама беріңіз.
3. ҚР-сында салықтарды қандай орган белгілейді?
4. Салық салудың қағидаларын ата.

#### Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Найманбаев С.М. «Салықтық құқық» Алматы, Жеті Жарғы 2005ж.
2. Найманбаев С.М. «Финансовое право РК» Алматы: Демеу, 1994г.
3. Химичева Н.И. «Финансовое право» М. БЕК,1995г.

### 2-тақырып. Салық ұғымы, элементтері және белгілері.

**Семинар сабағының мақсаты:** Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылған, дәріс сабағында салық, оның белгілері, элементтері мен түрлеріне жан-жақты сипаттама берілді. Студенттер семинар сабағында салықтарды есептеу, төлеу және салық төлеудегі жеңілдіктер туралы мәселелерді қарастырғандары жөн.

#### Семинар сабағының сұрақтары:

1. Салықтарды есептеу және төлеу тәртібі.
2. Салықтық жеңілдіктер.
3. Инвестициялық салық преференциясы.

#### Бақылау сұрақтары:

1. Салық ұғымы, белгілері?
2. Салық элементтері, түрлері?
3. Өз еркімен беру және мәжбүрлі түрде өндіріп алу?
4. Салықтарды төлеуде қандай жеңілдіктер болуы мүмкін.

#### Әдебиеттер:

1. Найманбаев С.М. «Салықтық құқық» Алматы, Жеті Жарғы 2005
2. Худяков А.И. «Налоговое право РК» Алматы, 1998г.
3. Найманбаев С.М. «Финансовое право РК» Алматы: Демеу, 1994г.
4. Химичева Н.И. «Финансовое право» М. БЕК,1995г.

### 3-тақырып. Салықтық құқық құқықтық құрылым ретінде.

**Семинар сабағының мақсаты:** Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылған, дәріс сабағында салық құқығы ұғымы, пәні, жүйесі мен бастаулары туралы сипаттама берілді. Студенттер семинар сабағында салық құқығының құқық жүйесінде алатын орны мен қазіргі таңда салық заңнамасының жетілдірілуі, салық

қызметімен байланысты халықаралық шарттардың қолданылуы туралы мәселелерді қарастырғандары жөн.

#### **Семинар сабағының сұрақтары:**

1. Салық құқығының құқық жүйесінде алатын орны.
2. Салық туралы заңнаманың даму тарихы.
3. Халықаралық шарттар салықтық құқықтың қайнар көзі ретінде.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Салықтық құқық ұғымы, әдістері?
2. Салықтық құрылым, салықтық жүйе және салықтық міндет дегеніміз не?
3. Республикамыздың салық заңдарына сипаттама?
4. Салық құқығының құқық жүйесінде алатын орны қандай?

#### **Әдебиеттер:**

1. Найманбаев С.М. «Салықтық құқық» Алматы, Жеті Жарғы 2005
2. Найманбаев С.М. «Финансовое право РК» Алматы: Демеу, 1994г.
3. Химичева Н.И. «Финансовое право» М. БЕК, 1995г.

#### **4-тақырып. Салықтық – құқықтық нормалар.**

**Семинар сабағының мақсаты:** Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылған, дәріс сабағында салықтық-құқықтық нормалар белгілері, құрылымы мен түрлеріне сипаттама берілді. Студенттер семинар сабағында салықтық құқықтың негізгі жәнетуынды нормалары туралы мәселелерді қарастырғандары жөн.

#### **Семинар сабағының сұрақтары:**

1. Материалдық және ұйымдастырушылық нормалар.
2. Салықтық құқықтың негізгі және туынды нормалары.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Салықтық-құқықтық нормалар дегеніміз не?
2. Салықтық-құқықтық нормалардың белгілерін атаңыз.
3. Оларды қалай топтастыруға болады?
4. Салықтық-құқықтық нормалардың құрылымына сипаттама беріңіз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Найманбаев С.М. «Салықтық құқық» Алматы, Жеті Жарғы 2005
2. Худяков А.И. «Налоговое право РК» Алматы, 1998г.
3. Найманбаев С.М. «Финансовое право РК» Алматы: Демеу, 1994г.

#### **5-тақырып. Салықтық – құқықтық қатынастар.**

**Семинар сабағының мақсаты:** Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылған, дәріс сабағында салықтық-құқықтық қатынастар түсінігі, құрылымы мен түрлеріне берілді. Студенттер семинар сабағында салықтарды салықтық-құқықтық қатынастардың салық заңнамасын дамытудағы рөлі туралы мәселелерді қарастырғандары жөн.

#### **Семинар сабағының сұрақтары:**

1. Салықтық-құқықтық қатынастар мәні.
2. Материалдық және ұйымдастырушылық салықтық қатынастар.
3. Салықтық-құқықтық қатынастардың салық заңнамасын дамытудағы рөлі.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Салықтық-құқықтық қатынастар дегеніміз не?
2. Салықтық-құқықтық қатынастардың белгілерін және түрлерін атаңыз.
3. Материалдық және ұйымдастырушылық салықтық қатынастарға сипаттама беріңіз.

### **Әдебиеттер:**

1. Найманбаев С.М. «Салықтық құқық» Алматы, Жеті Жарғы 2005
2. Худяков А.И. «Налоговое право РК» Алматы, 1998г.
3. Химичева Н.И. «Финансовое право» М. БЕК, 1995г.

### **6-тақырып. Салықтық міндеттеме.**

**Семинар сабағының мақсаты:** Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылған, дәріс сабағында салықтық міндеттеме туралы жалпылама сипаттама берілді. Студенттер семинар сабағында міндеттемені орындау салдары, салықтық міндеттемені тоқтату негіздері туралы мәселелерді қарастырғандары жөн.

### **Семинар сабағының сұрақтары:**

1. Мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің атқарылуын қамтамасыз ету тәсілдері.
2. Салықтық міндеттеменің тоқтату негіздері.
3. Салық салу аясындағы мемлекеттік басқару.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Салықтық міндеттеме дегеніміз не?
2. Салықтық міндеттемені орындау уақыты дегеніміз не?
3. Салықтық міндеттемені орындау тәсілдерін атаңыз.
4. Салықтық міндеттеменің тоқтатылу негіздері?

### **Әдебиеттер:**

1. Найманбаев С.М. «Салықтық құқық» Алматы, Жеті Жарғы 2005
2. Худяков А.И. «Налоговое право РК» Алматы, 1998г.
3. Найманбаев С.М. «Финансовое право РК» Алматы: Демей, 1994г.
4. Химичева Н.И. «Финансовое право» М. БЕК, 1995г.

### **7-тақырып. Салықтық бақылау.**

**Семинар сабағының мақсаты:** Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылған, дәріс сабағында қаржылық бақылаудың бір түрі болып табылатын салықтық бақылау туралы мағлұмат берілді. Студенттер семинар сабағында салықтық тексеру нәтижелеріне шағымдану тәртібі, салықтық тексеру актісі және оның маңызы жөніндегі мәселелерді қарастырғандары жөн.

### **Семинар сабағының сұрақтары:**

1. Салықтық тексеру нәтижелеріне және салық органдары лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне шағымдану тәртібі.
2. Салық төлеушілер мониторингі.
3. Салықтық тексеру актісі, оның мазмұны және құқықтық маңызы.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Салықтық бақылау дегеніміз не?
2. Салықтық бақылаудың түрлерін атаңыз.
3. Ішкі және сыртқы, алдын-ала, ағынды және кезекті бақылауға сипаттама беріңіз.

4. Салықтық тексеру нәтижесіне шағымдану тәртібі?

**Әдебиеттер:**

1. Найманбаев С.М. «Салықтық құқық» Алматы, Жеті Жарғы 2005
2. Худяков А.И. «Налоговое право РК» Алматы, 1998г.
3. Найманбаев С.М. «Финансовое право РК» Алматы: Демеу, 1994г.
4. Химичева Н.И. «Финансовое право» М. БЕК, 1995г.

**8-тақырып. Корпорациялық табыс салығы. Жеке табыс салығы. Қосылған құн салығы.**

**Семинар сабағының мақсаты:** Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылған. Студенттер семинар сабағында аталған салықтардың түрлеріне барынша толық сипаттама беріп, олардың маңызын ашады.

**Семинар сабағының сұрақтары:**

1. Корпорациялық табыс салығы салынатын табысты анықтау тәртібі.
2. Табыс салығы бойынша жеңілдіктер.
3. Қосылған құн салығының ставкалары.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Корпорациялық табыс салығы дегеніміз не?
2. Жеке табыс салығы қандай табыстарға салынады?
3. Қосылған құн салығының шығу тарихына сипаттама беріңіз.
4. Аталған салықтардың объектілері және субъектілері кімдер?

**Әдебиеттер:**

1. Найманбаев С.М. «Салықтық құқық» Алматы, Жеті Жарғы 2005
2. Худяков А.И. «Налоговое право РК» Алматы, 1998г.
3. Найманбаев С.М. «Финансовое право РК» Алматы: Демеу, 1994г.
4. Химичева Н.И. «Финансовое право» М. БЕК, 1995г.

**9-тақырып. Акциздер. Жер койнауын пайдаланушыларға салық салу. Әлеуметтік салық**

**Семинар сабағының мақсаты:** Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылған. Студенттер семинар сабағында аталған салықтардың түрлеріне барынша толық сипаттама беріп, олардың маңызын ашады.

**Семинар сабағының сұрақтары:**

1. Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына салынатын рента салығы.
2. Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі.
3. Әлеуметтік салықты есетеу және төлеу тәртібі.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Рента салығы не үшін салынады?
2. Әлеуметтік салықты төлеушілер.
3. Роялти дегеніміз не?
4. Әлеуметтік салық дегеніміз не?

**Әдебиеттер:**

1. Найманбаев С.М. «Салықтық құқық» Алматы, Жеті Жарғы 2005
2. Худяков А.И. «Налоговое право РК» Алматы, 1998г.
3. Найманбаев С.М. «Финансовое право РК» Алматы: Демеу, 1994г.
4. Химичева Н.И. «Финансовое право» М. БЕК, 1995г.

## **10-тақырып. Жер салығы. Көлік құралдары салығы. Мүлік салығы.**

**Семинар сабағының мақсаты:** Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылған. Студенттер семинар сабағында аталған салықтардың түрлеріне барынша толық сипаттама беріп, олардың маңызын ашады.

### **Семинар сабағының сұрақтары:**

1. Жер салығын төлеу мерзімдері.
2. Көлік құралдарына салынатын салықты есептеу.
3. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Жер салығы дегеніміз не?
2. Көлік құралдарына салынатын салық қалай есептеледі?
3. Мүлік салығы дегеніміз не?
4. Салықтарды есептеу және төлеу тәртібіне сипаттама беріңіз.

### **Әдебиеттер:**

1. Найманбаев С.М. «Салықтық құқық» Алматы, Жеті Жарғы 2005
2. Худяков А.И. «Налоговое право РК» Алматы, 1998г.
3. Найманбаев С.М. «Финансовое право РК» Алматы: Демеу, 1994г.
4. Химичева Н.И. «Финансовое право» М. БЕК, 1995г.

## **11-тақырып. Алымдар мен төлемдер. Мемлекеттік баж.**

**Семинар сабағының мақсаты:** Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылған. Студенттер семинар сабағында алымдар мен төлемдер, кедендік төлемдер туралы жан-жақты мағлұмат беріп, баж төлеудегі жеңілдіктер тәртібін қарастырады.

### **Семинар сабағының сұрақтары:**

1. Төлемақылар түрлері.
2. Кедендік төлемдер түрлері.
3. Мемлекеттік баж төлеудегі көзделетін жеңілдіктер.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Алымдар дегеніміз не? Түрлерін атаңыз.
2. Төлемақылардың басқа міндетті төлемдерден айырмашылығы қандай?
3. Мемлекеттік баж дегеніміз не?
4. Кедендік төлемдер дегеніміз не? Қандай түрлерін білесіз?

### **Әдебиеттер:**

1. Найманбаев С.М. «Салықтық құқық» Алматы, Жеті Жарғы 2005
2. Худяков А.И. «Налоговое право РК» Алматы, 1998г.
3. Найманбаев С.М. «Финансовое право РК» Алматы: Демеу, 1994г.
4. Химичева Н.И. «Финансовое право» М. БЕК, 1995г.

## **12-тақырып. Салықтық құқық бұзушылықтар.**

**Семинар сабағының мақсаты:** Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылған. Студенттер семинар сабағында салықтық құқық бұзушылықтардың өзінік ерекшеліктерін және салық салу саласындағы мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының шеңберін, тәртібін қарастырады.

### **Семинар сабағының сұрақтары:**

1. Салықтық қылмыс.
2. Салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары.



**Бақылау сұрақтары:**

1. Салықтық құқық бұзушылық дегеніміз не?
2. Қандай түрлері бар?
3. Салықтық құқық бұзушылықтың объектілері мен субъектілеріне сипаттама беріңіз.

**Әдебиеттер:**

1. Найманбаев С.М. «Салықтық құқық» Алматы, Жеті Жарғы 2005
2. Худяков А.И. «Налоговое право РК» Алматы, 1998г.
3. Найманбаев С.М. «Финансовое право РК» Алматы: Демеу, 1994г.
4. Химичева Н.И. «Финансовое право» М. БЕК,1995г.

**13-тақырып. Салық заңнамасын бұзғандығы үшін қаржылық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік.**

**Семинар сабағының мақсаты:** Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылған. Студенттер семинар сабағында салық заңнамасын бұзғандығы үшін әкімшілік, қылмыстық жауапкершіліктер шегін және оларды қолдану тәртібін қарастырады.

**Семинар сабағының сұрақтары:**

1. Әкімшілік жауапкершілікті жетілдіру проблемалары.
2. Қылмыстық жауапкершілік негізі және тарту тәртібі.
3. Қаржылық-құқықтық жауапкершіліктің өзіне тән белгілері.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Қаржылық жауапкершілік қандай салықтық құқық бұзушылықтарға қолданылуы мүмкін?
2. Қылмыстық жауаптылыққа қандай қылмыстар үшін тартылады?
3. Салықтық заңнаманың бұзылғандығы үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту ерекшеліктері қандай?

**Әдебиеттер:**

1. Найманбаев С.М. «Салықтық құқық» Алматы, Жеті Жарғы 2005
2. Худяков А.И. «Налоговое право РК» Алматы, 1998г.
3. Найманбаев С.М. «Финансовое право РК» Алматы: Демеу, 1994г.
4. Химичева Н.И. «Финансовое право» М. БЕК,1995г.

**14-тақырып. Салықтық жоспарлаудың құқықтық негіздері.**

**Семинар сабағының мақсаты:** Семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылған. Студенттер семинар сабағында салықтық жоспарлаудың мемлекеттік бюджеттің қалыптасуындағы маңызын ашады және оның кезеңдеріне сипаттама береді.

**Семинар сабағының сұрақтары:**

1. Салықтық жоспарлау кезеңдері.
2. Салықтық жоспарлау шегі.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Салықтық жоспарлау дегеніміз не?
2. Салықтан заңды түрде жалтару деген не?
3. Салық төлеуден жалтарудың заңсыз түріне сипаттама беріңіз.
4. Салықтық жоспарлаудың кезеңдеріне сипаттама бер.

**Әдебиеттер:**

1. Найманбаев С.М. «Салықтық құқық» Алматы, Жеті Жарғы 2005
2. Худяков А.И. «Налоговое право РК» Алматы, 1998г.
3. Найманбаев С.М. «Финансовое право РК» Алматы: Демеу, 1994г.
4. Химичева Н.И. «Финансовое право» М. БЕК,1995г.

## II. Семинар сабақтарына қосымша ретінде студенттің білімін тексеру үшін тест сұрақтары:

### 1-нұсқа

\$\$\$1. Салық салудың міндеттілігі қағидасы:

- A) Салық төлеуші салық заңдарына сәйкес салық міндеттерін толық көлемінде және белгіленген мерзімдерді орындауға міндетті б.т;
- B) ҚР-да салық салу жалпыға бірдей және міндетті б.т;
- C) ҚР-ның бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге қатысты ;
- D) Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер;
- E) ҚР-ның салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді айқындау болуы тиіс;

\$\$\$2. ҚР Салық салу принциптерін атаңыз:

- A) тікелей, жанама;
- B) міндетті, нақты, жанама;
- C) міндеттілігі, айқындығы, әділдігі, біртұтастығы, жариялығы;
- D) материалдық, ұйымдастырушылық;
- E) регрессивті, прогрессивті;

\$\$\$3. Салықтар дегеніміз не?

- A) Бересі сомасы, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдардың төленбеген сомалары;
- B) Есептелген және мерзімінде төленбеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомалары;
- C) Шетелдік валютамен жасалатын операциялар бойынша туындайтын айырма;
- D) Арнаулы салық режимін қолдану құқығын куәландыратын және салық;
- E) Мемлекет бір жақты тәртіппен заң жүзінде белгіленген, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер;

\$\$\$4. Салық төлеушінің құқықтарын көрсетіңіз:

- A) Кодекске сәйкес салық міндеттерін дер кезінде және толық көлемінде орындауға;
- B) Мемлекет мүддесін қорғауға;
- C) Салық төлеуші кодексте көзделген өзге де міндеттерді орындауға;
- D) Салық бақылауы нәтижелерін алуға;
- E) Салық төлеушінің құқықтарын сақтауға;

\$\$\$5. Салық базасы дегеніміз не?

- A) Салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объектінің құн, физикалық не өзге де сипаттамалары;
- B) Салық базасының өлшем бірлігіне салық есептеулерінің шамасын білдіреді;
- C) Жекелеген салықтар мен басқа да міндетті төлемдерге қатысты белгіленген уақыт кезеңі;
- D) Салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төлеу;
- E) Шетелдік валютамен жасалатын операциялар бойынша туындайтын айырма;

\$\$\$6. Салық функциясы мынадай түрлерге бөлінеді?

- A) Фискальдық, бөлуші, реттеуші, бақылаушы, жеңілдік беруші;
- B) Бақылаушы, акциздер;
- C) Тікелей, жанама;
- D) Прогрессивті, регрессивті;
- E) Фискальдық, реттеуші, прогрессивті;

\$\$\$7. Салық қызметінің мақсаты - бұл

- A) Мемлекеттің қазынасын қалыптастыру және мемлекеттің функциясы мен қоғам мүддесін ақшалай қамтамасыз ету;
- B) Салық базасының өлшем бірлігіне салық есептеулерінің шамасын білдіреді;
- C) Салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу;
- D) Салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объектінің құн, физикалық не өзге де сипаттамалары;
- E) Мемлекет бір жақты тәртіппен заң жүзінде белгіленген, белгілі бір мөлшерде жүргізу;

\$\$\$8. Салық салудың айқындығы қағидасы – бұл

- A) Салық төлеуші салық заңдарына сәйкес салық міндеттерін толық көлемінде және белгіленген мерзімдерді орындауға міндетті б.т;
- B) ҚР-да салық салу жалпыға бірдей және міндетті б.т;
- C) ҚР-ның бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге қатысты;
- D) Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер;
- E) ҚР-ның салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді айқындау болуы тиіс;

\$\$\$9. Кедендік баж, кедендік алым-бұл...

- A) Кедендік төлем;
- B) Мемлекеттік баж;
- C) Әлеуметтік салық;
- D) Жер салығы;
- E) Акциздер;

\$\$\$10. Салық салудың біртұтастығы принципі:

- A) Салық төлеуші салық заңдарына сәйкес салық міндеттерін толық көлемінде және белгіленген мерзімдерді орындауға міндетті б.т. ;
- B) ҚР-да салық салу жалпыға бірдей және міндетті б.т. ;
- C) ҚР-ның бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге қатысты;
- D) Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер ;
- E) ҚР-ның салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді айқындау болуы тиіс;

## 2-нұсқа

\$\$\$1. Жеке тұлғаның салық міндеттерін тоқтату негіздерін ата:

- A) Қайтыс болғанда;
- B) Хабар-ошарсыз кеткенде;
- C) Толық таратылғаннан кейін;
- D) Банкрот деп танылғанда;
- E) Ауыр халде болса;

\$\$\$2. Заңды тұлғалардың салық міндеттерін тоқтату негіздерін ата:

- A) Қайтыс болғанда;
- B) Хабар-ошарсыз кеткенде;
- C) Толық таратылғаннан кейін;
- D) Банкрот деп танылғанда;
- E) Ауыр халде болса;

\$\$\$3. Салықтар қандай болып бөлінеді?

- A) реттеуші, бақылаушы;
- B) Бақылаушы, акциздер;
- C) Тікелей, жанама;
- D) Прогрессивті, регрессивті;
- E) Фискалдық, реттеуші;

\$\$\$4. Жанама салықтар - бұл

- A) Мүлікке салынатын салықтар;
- B) Салық төлеушінің тікелей табысынан не мүлкіне төленетін салықтар;
- C) Салық төлеушінің табысынан төленеді;
- D) Тауар мен қызметтерге қосымша құн ретінде белгіленген салықтар;
- E) Ұлттық табыстың белгіленген бөлігі;

\$\$\$5. Салық есептілігі дегеніміз не?

- A) Шетелдік валютамен жасалатын операциялар бойынша туындайтын айырма;
- B) Акциялар бойынша төленуге тиіс табыс;
- C) Салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төлеу;
- D) Бересі сомасы, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдардың төленбеген сомалары;
- E) Салық төлеуші, салық агенті салық органдарына табыс ететін салық міндеттерін есептеу туралы ақпараты бар құжаттама;

\$\$\$6. Салық есептілігі қағазда және электрондық көздерде қандай тілде жасалады?

- A) Мемлекеттік не орыс тілінде;
- B) Тек мемлекеттік тілде;
- C) Тек орыс тілінде;
- D) Әркімнің қалауы бойынша;
- E) Жазбаша, орыс тілінде;

\$\$\$7.Салық төлеуші жеке тұлғаның өзі болмаған не ол іс-әрекетке қабілетсіз болған жағдайда салық есептілігін кім куәландыра алады

- A) Туған туысқандары;
- B) Ата-аналары;
- C) Қорғаншы ;
- D) Қамқоршы;
- E) Өкілі;

\$\$\$8.Салық төлеуші қайта ұйымдастыру не тарату туралы шешім қабылданған күннен бастап неше жұмыс күні ішінде ол туралы салық органдарына жазбаша хабарлайды

- A) 3 жұмыс күні ішінде;
- B) 5 жұмыс күні ішінде;
- C) 2 жұмыс күні ішінде;
- D) 1 жұмыс күні ішінде;
- E) 4 жұмыс күні ішінде;

\$\$\$9.Салық декларациясын табыс ету мерзімін ұзарту

- A) 1 айдан аспайтын;
- B) 2 айдан аспайтын;
- C) 3 айдан аспайтын;
- D) 4 айдан аспайтын;
- E) 5 айдан аспайтын;

\$\$\$10.Салық декларациясын табыс ету мерзімін ұзартуға кім құқылы?

- A) ҚР Президенті;
- B) ҚР Парламенті;
- C) Уәкілеттік мемлекеттік орган;
- D) Ауыл әкімі;
- E) Салық комитеті;

### **3-нұсқа**

\$\$\$1.Төлем көзінен ұсталатын салық сомаларын есептеуді кім жүзеге асырады?

- A) ҚР Президенті;
- B) Салық агенті;
- C) ҚР Үкіметі;
- D) Салық комитеті;
- E) Қаржы министрлігі;

\$\$\$2.Салықтың артық төленген сомасын қайтару салық төлейтін жер бойынша қайтару туралы өтініш берілген күннен бастап, неше күн ішінде жүргізіледі?

- A) 15 жұмыс күні ішінде;
- B) 10 жұмыс күні ішінде
- C) 5 жұмыс күні ішінде;
- D) 20 жұмыс күні ішінде;
- E) 25 жұмыс күні ішінде;

\$\$\$3. Тауарларды тиіп жіберуге, жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге жасалған қолданылу мерзімі неше жылдан артық келісім шарт ұзақ мерзімді шарт болып табылады

- A) 2 жылдан артық;
- B) 3 жылдан артық;
- C) 4 жылдан артық;
- D) 5 жылдан артық;
- E) 1 жылдан артық;

\$\$\$4. Мемлекеттік бажды төлеу тәртібі

- A) Қолма-қол ақшалай, банктер не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен;
- B) чектер арқылы;
- C) тек аудару жолымен;
- D) билік ету шектелген мүлкін өткізу есебінен;
- E) дебиторлардың шоттарымен;

\$\$\$5. Консулдық алым төлеушілерді атаңыз:

- A) Жеке тұлғалар;
- B) Заңды тұлғалар;
- C) Шетел азаматтары;
- D) Азаматтығы жоқ азаматтар;
- E) ҚР азаматы мен заңды тұлғалары, шетел азаматтары азаматтығы жоқ, адамдар, шетелдік заңды тұлғалар;

\$\$\$6. Салық төлеушінің тікелей табысынан не мүлкіне төленетін салықтар

- A) Тікелей;
- B) Жанама;
- C) Нақтылы;
- D) Жеке өзіндік;
- E) Реттеуші;

\$\$\$7. Тікелей салықтар қандай болып бөлінеді

- A) Тікелей, жанама;
- B) Нақтылы, жеке өзіндік;
- C) Регрессивті, прогрессивті;
- D) Бекітетін, реттеуші;
- E) Нақтылы, реттеуші;

\$\$\$8. Нақтылы салықтар бұл

- A) Мүлікке салынатын салықтар;
- B) Тауарлар мен қызметтерге қосымша құн ретінде белгіленген салықтар;
- C) Салық төлеушінің табысынан төленетін салықтар;
- D) Қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер ;
- E) Бересі сомасы, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдардың төленбеген салықтар;

\$\$\$9.Салықты төлеу нысанына байланысты қалай бөлінеді

- A) Тікелей, жанама;
- B) Нақтылы, жеке өзіндік;
- C) Регрессивті, прогрессивті;
- D) Бекітетін, реттеуші;
- E) Ақшалай, натуралды;

\$\$\$10.Субъектілеріне байланысты қалай бөлінеді

- A) Тікелей, жанама;
- B) Нақтылы, жеке өзіндік;
- C) Регрессивті, прогрессивті;
- D) Заңды тұлғалардан және жеке тұлғалардан алынатын;
- E) Нақтылы, реттеуші;

#### **4-нұсқа**

\$\$\$1.Патент жеке кәсіпкерге 1 күндізбелік жыл ішінде кемінде неше мерзімге беріледі

- A) 1 ай;
- B) 2 ай;
- C) 3 ай;
- D) 4 ай;
- E) 5 ай;

\$\$\$2.Салықтың белгілер

- A) Тікелей, жанама;
- B) Нақтылы, жеке өзіндік;
- C) Мемлекеттік, жергілікті;
- D) Түсім көзі, міндетті төлем, ұдайы төлем;
- E) Міндет жүктелген, тыйым салынатын, рұқсат беретін;

\$\$\$3.Баждарды белгілеу тек кімдер арқылы жүзеге асады

- A) ҚР Президенті;
- B) ҚР Парламенті;
- C) ҚР Үкіметі;
- D) Салық комитеті;
- E) Қаржы министрлігі;

\$\$\$4.Мемлекеттік салықтық жоспарлау қандай болып бөлінеді

- A) Тактикалық және стратегиялық;
- B) Реттеуші, бақылаушы;
- C) Тікелей,жанама;
- D) Маңызды, мақсатты;
- E) Тыйым салатын, рұқсат беретін;

\$\$\$5.Салықтық бақылау объектілері

- A) Зергерлік бұйымдар;



- B) Темекі өнімдер;
- C) Салық төлеушілер, салық агенттері, банктер;
- D) чектер, бланктер;
- E) Пайдалы қазбалар;

\$\$\$6. Салықтық бақылау қандай нысанда жүзеге асуы мүмкін

- A) Тікелей;
- B) Жанама;
- C) Іштей;
- D) Жанама;
- E) Тікелей және сырттай бақылау;

\$\$\$7. Салықтық бақылау тек кімнің құзыры арқылы жүзеге асады

- A) Салық комитеті мен малық органдары;
- B) Кедендік бақылау комитеті;
- C) ҚР Үкіметі;
- D) Мемлекеттік өкімет билігі;
- E) Уәкілеттік мемлекеттік орган;

\$\$\$8. Салықтық тексерудің қандай түрлері бар

- A) Тактикалық және стратегиялық;
- B) Реттеуші, бақылаушы;
- C) Тікелей, жанама;
- D) Маңызды, мақсатты;
- E) Құжаттық, рейдік, хронометраждық қарап-тексеру;

\$\$\$9. Салықтық құқықтық қатынастардың қосымша қатысушылары

- A) Жергілікті маслихаттар;
- B) Салықтық консультанттар;
- C) Салық төлеуші жеке тұлғалар;
- D) Салық агенттері;
- E) Салық өкілдігі;

\$\$\$10. Салық салудың экономикалық принциптері мен тиісті заңның талаптарына орай қалай бөлінеді

- A) Резиденттер және резиденттер емес;
- B) ҚР азаматы, азаматтығы жоқ адамдар;
- C) Шетел азаматы;
- D) Жеке және заңды тұлғалар;
- E) Қорғаншы және қамқоршы;

### **5-нұсқа**

\$\$\$1. ҚР-ғы салық салу принциптерінің қайсысында жеке сипаттағы салық жеңілдіктерін беруге тыйым салынған

- A) Салық салудың міндеттілігі принципі;
- B) Салық салудың айқындығы принципі;

- C) Салық салудың әділдігі принципі;
- D) Салық жүйесінің біртұтастығы принципі;
- E) Салық заңдарының жариялығы принципі;

\$\$\$2. Салық қызметі органдары басқа қандай мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекеті болады

- A) Орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен;
- B) Салық органдарымен;
- C) Жергілікті әкімдермен;
- D) Жергілікті маслихаттармен;
- E) Салық агенттерімен;

\$\$\$3. Тікелей салықтар қандай болып бөлінеді?

- A) Тікелей, жанама;
- B) Нақтылы, жеке өзіндік;
- C) Регрессивті, прогрессивті;
- D) Бекітетін, реттеуші;
- E) Нақтылы, реттеуші;

\$\$\$4. ҚР Салық салу принциптерін атаңыз:

- A) тікелей, жанама;
- B) міндетті, нақты, жанама;
- C) міндеттілігі, айқындығы, әділдігі, біртұтастығы, жариялығы;
- D) материалдық, ұйымдастырушылық;
- E) регрессивті, прогрессивті;

\$\$\$5. Салық базасы дегеніміз не?

- A) Салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объектінің құн, физикалық не өзге де сипаттамалары;
- B) Салық базасының өлшем бірлігіне салық есептеулерінің шамасын білдіреді;
- C) Жекелеген салықтар мен басқа да міндетті төлемдерге қатысты белгіленген уақыт кезеңі;
- D) Салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төлеу;
- E) Шетелдік валютамен жасалатын операциялар бойынша туындайтын айырма;

\$\$\$6. Салықтар дегеніміз не?

- A) Бересі сомасы, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдардың төленбеген сомалары;
- B) Есептелген және мерзімінде төленбеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомалары;
- C) Шетелдік валютамен жасалатын операциялар бойынша туындайтын айырма;
- D) Арнаулы салық режимін қолдану құқығын қуәландыратын және салық сомаларының бюджетке төленетін растайтын құжат;
- E) Мемлекет бір жақты тәртіппен заң жүзінде белгіленген, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер;

\$\$\$7.Салықтық бақылау объектілері-

- A) Зергерлік бұйымдар;
- B) Темекі өнімдер;
- C) Салық төлеушілер, салық агенттері, банктер;
- D) чектер, бланктер;
- E) Пайдалы қазбалар;

\$\$\$8.Патент жеке кәсіпкерге 1 күндізбелік жыл ішінде кемінде қанша мерзімге беріледі?

- A) 1 ай;
- B) 2 ай;
- C) 3 ай;
- D) 4 ай;
- E) 5 ай;

\$\$\$9.Мемлекеттік салықтық жоспарлау қандай болып бөлінеді?

- A) Тактикалық және стратегиялық;
- B) Реттеуші, бақылаушы;
- C) Тікелей, жанама;
- D) Маңызды, мақсатты;
- E) Тыйым салатын, рұқсат беретін;

\$\$\$10.Салықтық құқықтық нормалардың элементтерін ата:

- A) Диспозиция, гипотеза, санкция;
- B) Материалдық норма;
- C) Альтернативтік норма;
- D) Міндеттеуші;
- E) Тыйым салушы;

### **6-нұсқа**

\$\$\$1.Қазақстан аумағында алынатын салықтарды атаңыз

- A) Жер салығы;
- B) Елтаңбалық алым
- C) Рудниктерге салынатын салық;
- D) Концессиялық салық;
- E) Федералдық салық;

\$\$\$2.Алымның белгілері

- A) Бір жолғы төлем, бір шама эквивалентті және т.б.;
- B) Салық базасы, субъектісі, объектісі және т.б.;
- C) Міндетті, мәжбүрлі, ақшалай төлем және т.б.;
- D) Арнаулы пайданы мақсаттайтын төлем;
- E) Кедендік баждар, кедендік алым;

\$\$\$3. Баждың төлеміне тиісті төлемдерді көрсетіндер

- A) Бір жолғы төлем, бір шама эквивалентті және т.б.;
- B) Салық базасы, субъектісі, объектісі және т.б.;
- C) Міндетті, мәжбүрлі, ақшалай төлем және т.б.;
- D) Арнаулы пайданы мақсаттайтын төлем;
- E) Кедендік баждар, кедендік алым;

\$\$\$4. ҚР-да қандай кедендік баждар мен міндетті төлемдерден тұрады

- A) Бір жолғы төлем, бір шама эквивалентті және т.б.;
- B) Салық базасы, субъектісі, объектісі және т.б.;
- C) Міндетті, мәжбүрлі, ақшалай төлем және т.б.;
- D) Арнаулы пайданы мақсаттайтын төлем;
- E) Кедендік баждар, кедендік алым;

\$\$\$5. Роялтидің салық салу объектісі

- A) Зергерлік бұйымдар;
- B) Темекі өнімдер;
- C) Спирттік ішімдер;
- D) чектер, бланктер;
- E) Пайдалы қазбалар;

\$\$\$6. Салық төлеуші салық заңдарына сәйкес салық міндеттемелерін толық көлемінде және белгіленген мерзімдерде орындауға міндетті

- A) Салық салудың міндеттілігі принципі;
- B) Салық салудың айқындығы принципі;
- C) Салық салудың әділдігі принципі;
- D) Салық жүйесінің біртұтастығы принципі;
- E) Салық заңдарының жариялығы принципі;

\$\$\$7. ҚР-ның салықтары және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдері айқын болуға тиіс

- A) Салық салудың міндеттілігі принципі;
- B) Салық салудың айқындығы принципі;
- C) Салық салудың әділдігі принципі;
- D) Салық жүйесінің біртұтастығы принципі;
- E) Салық заңдарының жариялығы принципі;

\$\$\$8. ҚР-да салық салу жалпығы бірдей және міндетті болу

- A) Салық салудың міндеттілігі принципі;
- B) Салық салудың айқындығы принципі;
- C) Салық салудың әділдігі принципі;
- D) Салық жүйесінің біртұтастығы принципі;
- E) Салық заңдарының жариялығы принципі;

\$\$\$9.ҚР-ның салық жүйесі ҚР-ның бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге қатысты біртұтас болу

- A) Салық салудың міндеттілігі принципі;
- B) Салық салудың айқындығы принципі;
- C) Салық салудың әділдігі принципі;
- D) Салық жүйесінің біртұтастығы принципі;
- E) Салық заңдарының жариялылығы принципі;

\$\$\$10.Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануға тиіс

- A) Салық салудың міндеттілігі принципі;
- B) Салық салудың айқындығы принципі;
- C) Салық салудың әділдігі принципі;
- D) Салық жүйесінің біртұтастығы принципі;
- E) Салық заңдарының жариялылығы принципі;


**Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:  
Нормативтік-құқықтық актілер:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж. 30 тамыз.
2. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2000ж.
3. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 2004ж.
4. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығы 1995 ж. 30 наурыз.


**Негізгі әдебиеттер:**

1. Найманбаев С.М. «Салықтық құқық» Алматы, Жеті Жарғы, 2005ж.
2. Худяков А.И. «Финансовое право РК» Алматы: Қаржы-Қаражат.1995г.
3. Худяков А.И. «Основы теории финансового права» Алматы: Жеті Жарғы, 1995г.
4. Найманбаев С.М. «Финансовое право РК» Алматы: Демеу, 1994г.
5. Худяков А.И., Найманбаев С.М. Русско-казахский финансово-правовой толковый словарь, Алматы,1997г.
6. Химичева Н.И. «Финансовое право» М. БЕК,1995г.
7. Гуреев В.И. «Налоговое право» М.; Экономика, 1995г.
8. Пепеляев С.Г. «Основы налогового права» М.; Инвест, 1995г.
9. Бельский К.С. «Финансовое право» М.; 1995г.
10. Мухитдинов Н.Б., Найманбаев С.М., Серимов У.С. Казахско-русский налогово-правовой толковый словарь. Алматы, 1999г.

## САЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ




## САЛЫҚТЫҚ – ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР





## САЛЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТ

**САЛЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТ** – БҰЛ ӨЗІНІҢ ӨКІЛЕТТІ ОРГАНДАРЫ АРҚЫЛЫ САЛЫҚТЫ БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБЫСҚА ТҮСУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ





Пішімі 60x84 1/12  
Көлемі 27 бет, 2,25 шартты баспа табағы  
Таралымы 20 дана.  
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ  
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.  
Ақтау қаласы, 27 ш/а.